



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді халықаралық ғылыми-теориялық конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты **2019 жылдың 04-06 сәуірі** аралығында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы аясында, Жастар жылы мен Ақтөбе қаласының 150 жылдығы шеңберінде ұйымдастырылған «**Заманауи ғылымның өзекті мәселелері**» тақырыбындағы курсанттардың (студенттердің), магистранттардың, адъюнкттердің, докторанттардың халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын өткізеді.

Конференция бағдарламасына енгізілді:

2019 жылғы 04 сәуірде — заңгердің ғылыми-тәжірибелік мектебі (сағ. 9:00 – 12: 00 аралығында — оқу-жаттығу полигонында әкімшілік тәжірибе бойынша «Көлік объектілерінде әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу» тақырыбында тәжірибелік сабақ).

Сағат 15:00 – 17:00 аралығында «Не? Қайда? Қашан?» халықаралық зияткерлік байқауы (II тур) (5-6 адамнан құрылған команда).

Аталған байқау 5 кезеңнен тұрады:

1-кезең — командалардың сәлемдесуі.

2-кезең — блиц-сұрақ, бейнесұрақтар (халықаралық құқық, конституциялық құқық, адам құқығы бойынша).

3-кезең — капитандар байқауы (мемлекеттер және олардың астаналары білім сынасу);

4-кезең — үй тапсырмасы (халықаралық құқық пен конституциялық құқық шеңберінде);

5-кезең — музыкалық байқау.

2019 жылғы 05 сәуірде — Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауы аясында, Жастар жылы шеңберіндегі «**Заманауи ғылымның өзекті мәселелері**» тақырыбындағы курсанттардың (студенттердің), магистранттардың, адъюнкттердің, докторанттардың халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жоспарлануда:

1.Әкімшілік құқықтың және әкімшілік қызметтің өзекті мәселелері.

2.Қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамаларын және криминологияны жетілдірудің мәселелері мен болашағы.

3.Қылмысты ашу және тергеу мәселелері бойынша өзекті сұрақтар.

4.Мемлекеттік-құқықтық және азаматтық-құқықтық дамудың жалпытеориялық негіздері.

5.Психологиялық-педагогикалық негіздер және арнайы дайындық.

2019 жылғы 06 сәуірде — конференция қатысушылары аралығында волейболдан халықаралық спартакиада (6 адамнан құрылған команда, спорттық киім).

Конференция жұмысы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Ұсынылған материалдар конференция жұмысы басталғанға дейін жарияланылатын болады.

Қатысу шарты: конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне өтінім (өтінім үлгісі ұсынылады) мен материалдар мәтіні **2019 жылғы 03 наурыздан** кешіктірілмей электрондық тасымалдағышта жолдануы тиіс.

Конференция жұмысына қатысушылар тегін жарияланады.

Мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

5-8 парақ көлеміндегі мақала Microsoft Word пішімінде; Times New Roman қарпінде; өлшемі – 14; жол аралығы -1,5; жиек сызықтары: сол жағы – 2 см., оң жағы – 2 см., жоғары және төменгі жақтары – 2 см.-ден.

Бірінші жолда – автордың тегі, аты-жөні (қалың курсив қарпімен) және ЖОО атауы. Екінші жолда - ғылыми жетекшісі туралы мәліметтер. Келесі абзацта баяндаманың тақырыбы бас әріптермен (жол ортасында, жартылай майлы қаріппен), екінші жолдан кейін бір жол аралық қашықтықпен жазылады. 1 аралық қашықтықтан кейін – мақала мәтіні азат жолдан (үлгіге қар.) басталады. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер қолданыстағы стандарттарға сәйкес ескерту мақсатында мақала соңында, негізгі мәтіннен 1 жол аралық қашықтықтан кейін тізім бойынша өтпелі нөмірмен (1, 2...) беріледі. Сілтеме белгісі мәтінде әдебиет көзінің нөмірі көрсетілген шаршы жақша ішіндегі санмен, ал бет нөмірі әдебиеттер тізімінде көрсетіледі, мысалы [1]

Мәтін түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды. Мәтіннің дұрыстығы және дәлдігі үшін жауапкершілік авторға жүктеледі.

Ұсынылған мақалалар конференция материалдарының жинағында жарияланады.

ҮЛГІ:

Азаматов Азамат – Қазақстан Республикасы ИМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының курсанты, қатардағы полиция.

Ғылыми жетекшісі – жалпы білім беру пәндері кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент, полиция майоры *А.А. Казмухамбетов.*

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ СЛОВЕСНОГО ПОРТРЕТА

Мақала мәтіні

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.А. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»: Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар. // <http://akorda.kz>
2. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы // <http://online.zakon.kz>
3. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығы // Егеменді Қазақстан. 2009. 27 тамыз.
4. Гафаров Н.В. Социально — психологический тренинг, направленный на преодоление профессионального выгорания и эмпирическая проверка его эффективности // Вестник ЮУрГУ. Серия «Психология». — 2013. — №2. С.52.

5. Середин А.А. Принудительные меры воспитательного воздействия, применяемые к несовершеннолетним при освобождении от уголовной ответственности: Дис. ...канд.юрид.наук. — М., 2005. С. 106.
6. Уголовное право России. Общая и Особенная части: Учебн. / Под ред. В.П.Ревина. — М., 2001. С.451-452.
7. Иванчин А.В. Конструирование состава преступления: теория и практика: Монография / Отв. ред. Л.Л.Кругликов. — М., 2014. С.220
8. Боков А.Н. Экономика. — М: Норма, 2015. С.532.
9. Исмагулов К.Е. К вопросам о возмещении морального вреда // Полиция.kz. 2008. №3. С.47-53.
10. Крохин Е.Е.Реставрация памятников архитектуры // <http://www.architechos.ru/restovrat.htm>.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысуға өтінім:

1. Тегі, аты, әкесінің аты _____
2. ЖОО, ұйым _____
3. Мәртебесі (студент, магистрант, докторант) _____
4. Баяндамашының ғылыми жетекшісі (Т.А.Ә., лауазымы, жұмыс орны) _____

5. Секциясы _____
6. Мекенжайы, телефоны, e-mail _____
7. Қатысуы туралы ақпарат (көрсетілуі қажет) _____

«Өтінімде» ешқандай қысқартулар мен аббревиатураларға жол берілмейді.

Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп жіберілген өтінімдер қаралмайды, баяндама материалдары жарияланбайды.

Жол жүрумен, жүріп-тұрумен, тамақтанумен байланысты шығындар конференцияға жіберуші тараптың қатысушылары есебінен.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ, 41-разъезд, Курсанттар тас жолы-1, ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты. Қосымша ақпараттар алу үшін +7(7132) 972918 (120 ішкі) телефонына, +77762186388, +77712063231 (ватсап), ooniirir@yandex.kz; suleimenova_26@mail.ru эл.пошталарына байланыса аласыздар.

Ізгі құрметпен, ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ